

## Нұр-Сұлтан қаласы қоршаған орта сапасының 2019-2022 жылдарға арналған нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 460/58-VI шешімі. Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 1255 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 Экологиялық кодексі 19-бабының 3) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы қоршаған орта сапасының 2019-2022 жылдарға арналған нысаналы көрсеткіштері бекітілсін.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы

А. Аюпов

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты  
хатшысының міндетін атқарушы

М. Шайдаров

Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының  
2019 жылғы 12 желтоқсандағы  
№ 460/58-VI шешіміне  
қосымша

## "Атмосфералық ауа" бөлімі бойынша Нұр-Сұлтан қаласы үшін қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері

Нысаналы көрсеткіштер тізбесі	Нысаналы көрсеткіштердің кезеңдер бойынша мәндері				
	Өлшем бірлігі	Алғашқы деңгейі	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Атмосфераға ластаушы заттардың жалпы шығарындысы (нормативтік көлем):					
I қауіптілік санаты	тонна жылына	72 444,0	6 5438,0	6 2800,0	6 2800,0
II қауіптілік санаты	тонна жылына	4 900,0	4 900,0	4 900,0	4 900,0
III қауіптілік санаты	тонна жылына	7 800,0	1 3800,0	1 3800,0	1 3800,0
IV қауіптілік санаты	тонна жылына	21 983,0	2 1983,0	2 1983,0	2 1983,0
Барлығы:	тонна жылына	107 127,0	106 121,0	103 483,0	103 483,0

## "Су ресурстарының жағдайы" бөлімі бойынша Нұр-Сұлтан қаласы үшін қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері (жерүсті сулары)

Нысаналы көрсеткіштер тізбесі	Нысаналы көрсеткіштердің кезеңдер бойынша мәндері				
	Өлшем бірлігі	Алғашқы деңгейі	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Су объектілеріне ластаушы заттардың жалпы төгінділері (нормативтік көлем):					
I қауіптілік санаты	тонна жылына	183 800,0	180 700,0	160 500,0	158 200,0
II қауіптілік санаты	тонна жылына	17 400,0	17 400,0	17 400,0	17 400,0
III қауіптілік санаты	тонна жылына	430,0	430,0	430,0	430,0
Барлығы:	тонна жылына	201 630,0	198 530,0	178 330,0	176 030,0

Ескертпе:

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 71-бабы 2-тармағына сәйкес:

I санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 1 және 2-сыныпты объектілері жатады.

II санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 3-сыныпты объектілері жатады.

III санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 4-сыныпты объектілері жатады.

IV санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 5-сыныпты объектілері жатады.

Өндірістік және басқа да объектілердің санитариялық сыныптамасы "Өндірістік объектілердің санитариялық-қорғаныш аймағын белгілеу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 237 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11124 болып тіркелген, 2016 жылғы 27 қазандағы "Казахстанская правда" және "Егемен Қазақстан" газеттерінде жарияланған) сәйкес қабылданады.